

Мүгедек балаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 09 наурыздағы N 36 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 15 сәуірде 2-13-112 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 305 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 19.09.2017 № 305 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11, 16-баптарына сәйкес мүгедек балаларды үйде тәрбиелеп оқытатын отбасыларға әлеуметтік қолдау мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеп оқытатын отбасыларына қосымша жәрдемақы тоқсанына сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленуі қамтамасыз етілсін.

2. Үйде тәрбиелеуге және оқытуға жәрдемақы туған, асырап алған, сонымен бірге қамқорлыққа (қорғаншылыққа) алған мүгедек балалардың және 18 жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектердің ата-анасының біреуіне немесе оның орнындағы адамға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының үйде тәрбиелеу және оқыту қажеттігі туралы қорытындысының негізінде белгіленсін.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы А. Диханбаеваға үйде тәрбиелеуге және оқытуға жәрдемақыны төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар олардың таңдауы бойынша жәрдемақы алушылардың жеке есеп шоттарына қаржыны аудару жолымен жүзеге асырылады.

4. Аудандық қаржы бөлімінің бастығы Г. Мұсахметоваға мүгедек балаларды үйден тәрбиелеп оқытатын отбасыларына жәрдемақы көрсету үшін дер кезінде қаражаттың бөлінуін қамтамасыз ету жүктелсін.

5. Кербұлақ аудандық әділет басқармасының нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылдың 27 ақпанында N 2-13-20 болып тіркелген (аудандық "Кербұлақ жұлдызы" басылымында 2006 жылдың 10 наурызындағы N 10 (3291) санында жарияланған), аудан әкімдігінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы "Мүгедек балаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 31-ші қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б.Момбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми түрде жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Н. Жантілеуов